

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің С.Мәуленов атындағы гимназиясы»КММ

Ақпарат

2026 жылдың 13 ақпан күні гимназияда Бірыңғай облыстық ата-аналар жиналысы өткізілді.

Жиналыс Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының 2026 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес ұйымдастырылды. Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушылар арасындағы құқықбұзушылықтың, буллингтің, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың және суицидтік мінез-құлықтың алдын алу, ата-аналармен бірлескен тәрбие жұмысын күшейту, бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін талқылау болды.

Гимназия директоры кіріспе сөз сөйлеп, бала тәрбиесіндегі мектеп пен ата-ананың бірлескен жұмысының маңыздылығын атап өтті. Педагог-психолог жасөспірімдердің мінез-құлқындағы өзгерістерге назар аудару, эмоционалдық күйін бақылау және қолдау көрсету жолдары туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар, буллингтің белгілері мен оның салдары жөнінде ақпарат берілді.

Жиналыс барысында ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріліп, ұсыныстар тыңдалды. Қорытынды бөлімде ата-аналарға бала тәрбиесінде жауапкершілікті арттыру, мектеппен тығыз байланыста болу, балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар айтылды.

Жиналыс өз мақсатына жетіп, ата-аналар тарапынан қолдау тапты.

https://www.instagram.com/reel/DUuuGVliMvX/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



Гимназия директоры:



А.И.Мадихбаев

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің С.Мәуленов атындағы гимназиясы»КММ

Ақпарат

2026 жылдың 13 ақпан күні гимназия қабырғасында 6–7–8 сынып оқушылары мен ата-аналарына арналған Ашық есік күні ұйымдастырылды.

Іс-шараның негізгі мақсаты — ата-аналарды білім беру үдерісімен жақынырақ таныстыру, гимназия өмірі мен оқушылардың жетістіктерін көрсету және өзара ынтымақтастықты нығайту болды.

Шара барысында қонақтар мектептің оқу кабинеттерін аралап, педагогтердің жұмысымен танысты, оқушылардың шығармашылық және оқу жетістіктерін тыңдады.

Ашық есік күні жылы атмосферада өтіп, ата-аналар мен ұстаздар арасындағы байланысты одан әрі күшейтуге мүмкіндік берді.


https://www.instagram.com/reel/DUtRxH4iJuQ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



Шара барысында ата-аналардан кішігірім сұхбат алынып, олардың пікірлері мен ұсыныстары тыңдалды.

Ашық есік күні жылы атмосферада өтіп, ата-аналар мен ұстаздар арасындағы байланысты одан әрі күшейтуге мүмкіндік берді.

https://www.instagram.com/reel/DUtFCCiiFmV/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



Гимназия директоры:

А.И.Мадибаев

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің С.Мәуленов атындағы гимназиясы»КММ

Ақпарат

“Заң мен тәртіп” айлығы аясында 2026 жылдың 30 қаңтар күні ата-аналар жиналысы өткізілді.

Жиналыстың негізгі мақсаты – ата-аналарға оқушылар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, заң талаптарын сақтау, бала тәрбиесіндегі жауапкершілікті арттыру мәселелерін түсіндіру болды.

Жиналыс барысында ата-аналарға жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық түрлері, оның себептері мен салдары туралы ақпарат берілді. Сонымен қатар, балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, интернет қауіпсіздігі, зиянды әдеттердің алдын алу мәселелері кеңінен талқыланды.

Мектеп әкімшілігі мен сынып жетекшілері тарапынан ата-аналарға баланың тәртібі мен оқу үлгеріміне тұрақты бақылау жасау, мектеппен тығыз байланыста болу қажеттігі атап өтілді. Ата-аналар өз ойларын білдіріп, сұрақтарын қойып, өзекті мәселелер бойынша пікір алмасты.

Жиналыс қорытындысы бойынша ата-аналарға бала тәрбиесінде заң талаптарын сақтау, құқықтық мәдениетті қалыптастыру және қауіпсіз орта құру бойынша ұсыныстар берілді.

Қорытынды:

Ата-аналар жиналысы өз мақсатына жетті. Қатысушылар бала тәрбиесіндегі жауапкершіліктің маңызын түсініп, мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайту қажеттігін ұғынды.

https://www.instagram.com/reel/DUPk5zYCK9Q/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



Гимназия директоры:

А.И.Мадибаев

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің С.Мәуленов атындағы гимназиясы»КММ

Ақпарат

2026 жылдың 16 қаңтар күні 9 «А» сыныбында ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыстың мақсаты – ата-аналарға оқушылардың оқу үлгерімі, тәртібі және тәрбиесіне қатысты өзекті мәселелерді жеткізу, мектеп пен ата-ана арасындағы байланысты нығайту болды.

Жиналыс барысында сынып жетекшісі оқушылардың оқу жетістіктері мен тәртібі туралы баяндап, әр оқушының жеке дамуына тоқталды. Сонымен қатар, ата-аналарға жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктері, бос уақытын тиімді ұйымдастыру, интернет қауіпсіздігі және зиянды әдеттердің алдын алу мәселелері түсіндірілді.

Ата-аналар өз ойларын білдіріп, сұрақтарын қойып, пікір алмасты. Сынып жетекшісі тарапынан бала тәрбиесінде ата-ананың рөлінің маңыздылығы атап өтілді.

Қорытынды:

Жиналыс нәтижесінде ата-аналар мен мектеп арасындағы ынтымақтастық нығайып, оқушылардың білім сапасын арттыру және тәрбие жұмысын жетілдіру бойынша ортақ шешімдер қабылданды.

https://www.instagram.com/p/DTk0A2RCPER/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==



Гимназия директоры:

А.И.Мадибаев